

Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2008 жылғы 3 наурыздағы N 10-59 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Ескелді ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 17 наурызда N 2-9-55 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2010 жылы 02 ақпандағы N 35-214 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2010.02.02 N 35-214 Шешімімен

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабының 2-тармағына сәйкес Ескелді аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Табысы аз отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегі барлық ауылдық, кенттік аймақтарда құрылған учаскелік комиссиясының сараптамасы мен қозғалмайтын мүлікті бағалау мен тіркеу басқармасының меншігінде бір үйден басқа үй жоқ екені туралы анықтамасы мен көмек көрсетудің тәртібі мен мөлшері N 1 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2009.01.27 N 19-114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қ а р а ң ы з) Ш е ш і м і м е н .

2. Осы шешімнің орындалуы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бастығы М. Тілеубергенге жүктелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің бірінші орынбасары Қ. Ә л і б а е в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ескелді аудандық мәслихатының
IV шақырылымындағы*

Абдуллин Решат

*Ескелді аудандық
мәслихатының хатшысы*

X с е с с и я н ы ң т ө р а ғ а с ы

Тастанбаев Қалабек

Тастанбайұлы

Ескелді аудандық мәслихатының
2008 жылғы 3 наурызындағы 10-59
санды "Табысы аз отбасыларына
(азаматтарға) тұрғын үй көмегін
көрсетудің тәртібі мен мөлшерін
белгілеу туралы" шешіміне
N 1 қосымша

Табысы аз отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің тәртібі мен мөлшері

1. Жалпы ережелер

1. Тұрғын үй көмегі халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады.
 2. Тұрғын үй көмегі сол жерде тұрақты тұратын және тұрғын үй жайдың меншік иесі немесе жалдаушысы болып табылатын тұрмысы төмен отбасыларына жергілікті бюджеттің есебінен жүзеге асырылады. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем ретінде тағайындалады.
 3. Тұрғын үй көмегінің мөлшері үй иесінің (жалгерлік) өтемдік шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде отбасылық айлық жиынтық табыстың көлемі жан басына шаққанда ең төменгі күнкөріс деңгейінен аспаған уақытта тағайындалады және жалғыз басты зейнеткерлермен зейнетақы мөлшері ең төменгілер кірмейді.
- Ескерту. 3 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2009.01.27 N 19-114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.08.05 N 28-175 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)**
- Ш е ш і м д е р і м е н .**
4. Тұрғын үй көмегінің мөлшері үй иесінің (жалгерлік) өтемдік шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегінде коммуналдық қызметке ақы төлеу мен отбасына осы мақсаттарға шекті жол берілетін шығыс деңгейінің айырымы ретінде есептеледі.
 5. Жеке меншігінде біреуден артық тұрғын үйі (үйі, пәтері) бар немесе тұрғын үйін жалға беруші тұлғалар тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.
 6. Тұрғын үй көмегін алу құқығы алушы өтінішін қажетті құжаттармен тапсырған айынан басталады және сол айға төленеді.
 7. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің таңдауы бойынша жәрдемақыларды төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымдармен жасалған Агенттік келісім негізінде жүзеге асырады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу тәртібі

8. Тұрғын үй көмегі 55 жасқа толғандар, 1-ші, 2-ші топтағы мүгедектерді, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларды күтетіндер, басқаның күтімін керек ететін 80 жастан асқан тұлғаларға күтім жасайтындар және 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеумен айналысатындар, бір айдан астам уақыт бойы ауруханалық емдеуде жүрген адамдар, әлеуметтік тұрғыдан маңызды немесе айналасындағы адамдарға қатер төндіретін ауруы бар ауруханалық немесе емханалық емдеуде жүрген азаматтарды бағып - күтумен айналысатын азаматтардан басқа, жұмысқа жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген мүшелері бар отбасыларына төленбейді. Жедел әскери қызметтегі әскери қызметкерлер отбасының құрамында есептелмейді.

9. Жұмыссыздар ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан себепсіз бас тартса және өз еркімен қоғамдық жұмысқа, оқыту мен қайта оқытуға қатыспаса тұрғын үй көмегін алу құқығынан алты айға айырылады.

10. Тұрғын үй көмегіне өтінген кезде коммуналдық қызмет ақысы үшін берешектері бар отбасыларына, қарыздарына қарамастан, есепке тіркеген сәттен бастап ағымды төлемдерді тұрақты төлеу шартымен тұрғын үй жәрдемақылары тағайындалады.

11. Тұрғын үй жәрдемақыларын алуға үміткер немесе алушы отбасылары оны рәсімдеу үшін өтінішімен қоса ауылдық округтің әкіміне төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) жеке басы куәлігінің көшірмесін (жылына бір рет келесі жылдық қайта аттестаттау немесе қандай да өзгерістер болған жағдайда);

2) Жеке меншігінде бір үйден басқа үйі жоқ екені туралы анықтаманы аудандық әділет басқармасының жылжымайтын мүлікті тіркеу қызметінен алуы тиіс;

Ескерту. 11-2) тармақшасына өзгерту енгізілді - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2009.08.05 N 28-175 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз) Шешімімен.

3) тұрғын үй құқығын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жылына бір рет) немесе жал шартының көшірмесі (жалдау);

4) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі (жылына бір рет немесе қандай да болса өзгерістер болғанда) немесе ауылдық округ әкімінен анықтама болу керек;

5) отбасының барлық мүшелерінің кірісі туралы анықтама (өткен тоқсанға);

6) коммуналдық қызметке ақы төлеу туралы түбіртек (өткен айға тоқсан сайын), көмірдің түбіртегі қажет етілмейді;

7) жеке меншік шаруашылықтары бар екендігі жайлы мәліметтер (жылына бір рет немесе өзгерістер болғанда).

12. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есептік кезеңде алынған табыстың мынадай түрлері есепке алынады:

1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
2) он сегіз жасқа дейінгі балаларға арналған ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы;

3) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;
4) балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс;

5) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша өсіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтың кірісі тоқсанына-қалалық жерде тұратындарға - бес айлық есептік көрсеткіш, ауылдық жерлерде тұратындарға - алты айлық есептік көрсеткіш ретінде алынады;

6) 1 жасқа дейінгі бала күтіміне төленетін жәрдемақы;

7) мүгедек азаматтардың мүгедектігіне төленетін жәрдемақы;

8) зейнетақы;

9) өзге де табыс.

13. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;

2) тұрғын үй көмегі;

3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;

4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;

5) ақшалай және заттай түрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек.

6) оқушыларды тегін тамақтандыру, жалпыға бірдей оқыту қорынан берілетін көмектер және азық - түлік бағаларының қымбаттауына байланысты әлеуметтік әлжуаз топтарға көрсетілген көмектер;

7) жеке ісін ашуға немесе жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек.

Егер жеке ісін ашуға немесе жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса осы факті анықталған тоқсандағы, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

8) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек;

14. Тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі құжаттарды ауылдық округтің әкімі қабылдап алғаннан кейін, қажеттілігіне қарай учаскелік комиссияларға тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының материалдық

жағдайына тексеру жүргізу жазбаша тапсырылады.

15. Учаскелік комиссия жүргізілген тексерудің нәтижелері бойынша отбасының материалдық жағдайы туралы акт жасайды және отбасының мұқтаждығы туралы қорытындыны ауылдық округтің әкіміне ұсынады.

16. Ауылдық округтің әкімі өтініш берушілердің құжаттарын өтініш берушіден құжаттар қабылданған күннен бастап жиырма күннен кешіктірмей тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу жөніндегі уәкілетті органға тапсырады.

17. Тапсырылған құжаттардың қорытындысы бойынша уәкілетті орган отбасына түбіртек - ескерту береді, оған тұрғын үй көмегінің есептелуі енгізіледі және қайта аттестаттаудан өтетін күні белгіленеді. Түбіртек - ескертуге отбасы өкілінің немесе отбасының атынан сөйлейтін тұлға және құжаттарды қабылдайтын тұлғаның қолдары қойылады.

18. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй жәрдемақысын берудің негізі болады.

19. Тұрғын үй көмегін алушылар 15 күн ішінде уәкілетті органға отбасы құрамының және оның жиынтық табыстарының өзгеруі туралы хабарлауы керек.

20. Берілген ақпараттың дұрыстығы туралы күмән пайда болған жағдайда, тұрғын үй көмегін тағайындайтын уәкілетті орган отбасы мүшелерінің тұрғылықты жерлері, табыстары туралы қажетті ақпаратты тиісті орындардан сұрап алуға, тексеруге құқығы бар.

Заңды және жеке тұлғалар шындық ақпарат беруге міндетті. Талап етілген құжаттар ұсынылмаған жағдайда, тұрғын үй жәрдемақысы тағайындалмайды. Тұрғын үй қызметіне алдын ала жалған мәліметтер берген үшін меншік үйдің иесі (немесе жалгерлер) құқықсыз алған сомасын өз еркімен қайтарады, ал бас тартқан жағдайда - сот тәртібімен жүзеге асырылады.

3. Тұрғын үй көмегін есептеудегі нормалар

21. Тұрғын үй көмегін есептегенде келесі нормалар қабылданады:

1) газ тұтыну - 1 айға 1 кішкене баллон;

2) электр жүйесін қолдану;

1 адамға – 45 киловатт;

2 адамға - 90 киловатт;

4 және одан көп адамнан тұратын отбасына – 150 киловатт.

3) сумен қамтамасыз ету нормасын қызмет берушілер ұсынады.

4) от жағу маусымындағы үйлердегі от жағу орындарына - от жағу маусымында үйлерді жылумен жабдықтауға - 19500 теңге;

Ескерту. 21-4 тармаққа өзгерту енгізілді - Алматы облысы Ескелді аудандық

мәслихатының 2009.01.27 N 19-114 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз); 2009.08.05 N 28-175 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз)
)
Ш е ш і м д е р і м е н .

5) орталықтандырылған от жағылатын пәтерлерге:
жалғыз адам тұратын азаматтар үшін – 30 шаршы метр;
отбасыларында екі адамы барлар үшін – 42 шаршы метр;
отбасы үш және одан көп адамнан тұратындар үшін - әр қайсысына 18 шаршы метр, бірақ үйдің (пәтердің) жалпы ауданынан аспауы керек.

б) абоненттік төлемақы төлеудің мөлшері қолданыстағы абоненттік төлемақы мен 2004 жылғы қыркүйекте қолданылған абоненттік төлемақы арасындағы айырма ретінде белгіленсін;

Ескерту. 21 тармаққа толықтыру енгізілді - Алматы облысы Ескелді аудандық мәслихатының 2009.08.05 N 28-175; шешімімен.

22. Коммуналдық қызметтерді тұтыну төлемінің тарифтерін аудан әкімі бекітеді.